

АҚМЕШТ

жастары

6+



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.



Мағжан

№ 24 (457)

16 маусым, 2022 жыл

Қызылорда облыстық жастар газеті


ҚЫЗЫЛОРДАДА ЗООБАҚ АШЫЛДЫ

Ақмешіте аң мен құстың түрі көп болса да тұрғындар үшін жан-жануарлар қашанда тың дүние. Түйеқұстан бастап барлығына күтім жасайтын Латын Америкадағыдай «Ранчо», яғни шағын зообақ бүгінде Қызылордада іске қосылды. Жануардың оннан аса түрін бір аумаққа сыйдырған Тимур Жүсіповтың зообағы «Ранчо 83» деп аталады. Аймақтағы жаңашылдықты тұрғындарға жеткізу үшін зообаққа арнайы бардық.

АҚЫЛШЫМ – ҒАЛАМТОР
Көп адамдар бизнесте өздерін сынап көруді армандайды. Ал сол ойын іске асыратындар іпуде біреу. Кейбіреулер жақсы идеяның жоқтығынан табыс табудың тетігін білмей жүр. Рас, Қызылордада балалармен бірге уақыт өткізетін жерлер тым сирек. Демалыс паркі, кафе, орталық алаң, кинотеатрдан басқа қай жерге баруға болады? Айына 3-4 рет барсаңыз балалардың өзі сол жерден жалығады. Соны ойлап тың дүние жасауды қолға алдым. Ақылшым – ғаламтор. Түрлі кеңесті, ақпаратты ғаламтордан қараймын және идея аламын. Жылы орталығының жанынан тозығы жеткен 2 гектар жерді алып, ранчо ашуды қолға алдым. Бұл ата-аналар үшін керемет жер боларына сендім. 2 жыл уақыт жерді тегістеп, құл-қоқысын шығарумен айналыстым. Зообақтың қазіргі сұлулығы

2 жыл төккен тердің жемісі.

Бұл жерде асхана желісі, балалар алаңқайы, барлығы қарастырылған. Тіпті күннің ыстығын сезіндірмейтін сумен тамшылатып салқын-дату өдісі де іске қосылған. Тұрғындар үшін қалтаға қонымды бағада қызмет көрсетіп жатырмыз. Үлкендерге – 700 теңге, балаларға – 500 теңге тарифін белгіттік.



балапан. 1 жылдан кейін бойы 3 метрге жуықтайды. 1 жұмыртқасы тауықтың 30 жұмыртқасына тати. Мұны Түркістан



Қала тұрғындары үшін ешектің өзі таңсық жануар. Оны да табу қиынға соқты. Қазір ауыл-аймақтың өзінен іздеп табу мүмкін емес. Асыл тұқымды жылқылар да келушілер үшін сұранысқа ие. 15 минуттан бастап 1 сағатқа дейін жалға



отырмай. Бірден айтайын аю, қасқыр, арыстан секілді экзотикалық жануарлар болмайды. Өйткені оларды қызметке қосар болсақ келушілер үшін ақылы қызметтің құны ұлғаяды. Сондықтан қырауыл, пони секілді қолға бағынатын хайуанаттарды жақын арада алдырмай.

ТЫҢ ДҮНИЕГЕ ЖАРНАМА ҚАЖЕТ ЕМЕС
Ранчо ашылған сәтте жұбайым Майра «қалай болады екен» деп уайымдағаны бар. Мүмкін блогерлер мен танымал тұлғаларды шақырып, қаламақыға жарнама түсірерміз деген кеңестерін айтты. Бірақ ол кеңесіне құлақ аспадым. Өйткені қаладағы ерекшелікті бір көрген адам сөзсіз өзгелерге де жеткізетіні айқын. Сондықтан жарнамаға әуестенбедім. Айтарым, тың дүниеге жарнаманың қажеті жоқ. Алда әлі қала үшін тосын сый болатын жобаларым жетерлік. Қаланың шыға берісіндегі жылы орталығының маңына тұрғындардың аяғы баса бермейді. Сол маңайды гүлдендіріп, қаланың көпбетіне көрік қосқым келеді.

Ерасыл ШӘРІБЕК,
Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ЭКЗОТИКАЛЫҚ ЖАНУАРЛАР БОЛМАЙДЫ
Ранчоның ең құнды жануары – 2 түйеқұс. Зообақтың сәнін келтіріп тұр десем қателеспеймін. Өйткені қаладағы алғашқы ерекшеліктің бірі. Өлі 6 айлық

қаласынан алдырттық. Шыны көрек алып келу қиынға соқты. Одан кейін құстардан қаз, үйрек, бағалы тауықтар, павлин, цесарка секілді түрлерін асырап жатырмыз.

Біле білсек, әлемді құтқару, адамзатқа ізгілік көрсету үлкен ерлікті қажет етпейді. Жанындағы жақынына қамқор болу, мұқтажға жәрдемдесу, қысылғанға қол ұшын беру батырлыққа тән қадам болуы ықтимал. Науқастың өмірін арашалауға ықпал етіп, қан тапсырған адам да қоғам тарапынан ерекше ықыласқа бөленетіні айтпаса да түсінікті. Сондықтан халықаралық донор күні аясында аймақтағы қан тапсыру үрдісінің жай-күйі мен игі істің пайдасы төңірегінде ой белгісуді жөн көрдік.

Елімізде тұрақты түрде қан тапсыратын 2 мыңнан астам адам бар. Оның ішінде 100-ге жуық азамат «Қазақстанның құрметті доноры» атағын иеленген. Ал өткен жылы облыста қан тапсырған азаматтардың саны 8 мыңнан асқан екен.

– Соңғы жылдары ерлікті түрде қан тапсыратындардың саны артып келеді. Оған жастар арасында донорлықты дамыту туралы ақпараттық жұмыс, мектеп оқушыларымен байланыс, әлеуметтік желі мен өзге де заманауи ақпараттық технологияны қолдану әсер етіп отыр. Донор болудың медициналық көмегімен қатар, рухани құндылығы мол екенін жете түсінген әрбір аза-



ӨМІР СЫЙЛАУ
ҚОЛЫНДА

кезінде туын даған қан кету жағ-

дайында, қан аздықтың ауыр түріне шалдыққан балаларға, жазатайым оқиға кезінде зардап шеккендерге және онкология мен хирургия бөлімдерінің емделушілеріне қан құйылады. Сондықтан аталған қадамға немісқұрайлы қарамаған жөн, – дейді облыстық қан орталығының донор жинақтау бөлімінің дәрігері Фаризат Ермағамбетова.

Сонымен қатар маман қан тапсырудың зияны жоғын және процедура кезінде барлық сақтық шарасы сақталатынын жеткізді. Мысалы, қан тапсырмас бұрын тексеру жүргізіліп, дәрігерлер бірнеше сауал қояды. Оның ішінде қан тапсыруға ниетті азаматтың денсаулығында ең ауыр бар-жоғы, дәрі-дәрмек қабылдауы, өмір сүру салты секілді маңызды мағлұмат бар. Мұндай сұрақтарды қоюдағы басты мақсат – донормен қан құйылатын адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету.


Келесі кезең – тамырдан қан алу. Бұл шамамен 15 минут уақыт алады. Кейін дәрігерлер міндетті түрде азаматтардың денсаулық жағдайын тексереді. Күні бойы сүйсіңіп ішу, құнарлы тамақ жеу секілді

кеңес беріп, қайтуға рұқсат береді. Міне, қан тапсыру барысының қысқаша баяны осыған саяды.

– Қан тапсыру – донорлар үшін қауіпсіз. Өйткені барлық донорлық орталықтар бір рет қолданылатын ері залалсыздандырылған жабдықтармен қамтылған. Бір рет қана қолданылатын шприцтер мен ителерді тек донор кезінде ашады, кейін оны бірден қорысқа лақтырады. Сол себепті адамзат игілігі үшін донор болу зиянсыз ғана емес, пайдалы әрекет екенін ұмытпаақ екен, – дейді Ф.Асылбекқызы.

P.S. Расында, «Әлемді мейірім құтқарады» деген тәмілдің жаны бар. Байқасақ, жан-жағына жақсылық жасап, өзгенің өмір сүруіне үміт сыйлау ғаламды құтқарумен тең емес пе? Төз кезегінде аяққа тұрып, оңалған әрбір азамат әлемге сеніммен қарап, жақсылықтың қайырымын қайтаруға, қоғамды ізгілендіруге бір қадам жасары анық.

Берен
ШАҒЫРОВ



БҮГІНГІ БАҚ-ТЫҢ
ЖҮГІ ҚАНДАЙ?

Қарусыз майданда жеңіс сыйлайтын немесе жерге кірізетін де – жалғыз ауыз сөз. Сондықтан қолына қалам ұстап, жазуға сөз өткен жазушыларға, соның ішінде журналистерге артылар жауапкершілік жүгі жеңіл емес. «Әр жұрттың, әр мемлекеттің мәдениет майданында ілгері-кейінгінің қатесі бір өлеушісі – баспасөз. Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті, өзі де өнерлі екендігі көрінеді, яки, қай жұрт өнерлі болса, оның шексіз баспасөзі күшті болатындығы айдай анық» дейді Міржақып Дулатов.

Жарықтың жылдамдығынан қалыспай әлемге қазақ тілінде, сапалы, сауатты, шынайы

ақпаратты ұсына білу алдымен ұлттың медиа мәдениетін қалыптастыруға сеп болады. Ақпарат кімде – әлем соның қолында. Қазіргі қазақ журналистикасы сәт сайап өсетін батырлар жырының бала кейпкеріндей сағаттар сырғып, күндер жылқыған сайын алға қадам басуда. Басылым мен радио, телевизия мен интернет ресурстарын өзара алмастырып келген БАҚ енді әлеуметтік желідегі медиамен толығын жатыр. Бүгінгі журналистиканың халы қалай? Қазақ тілі ғаламтор қолданушылардың тілі ме? Жауапты мамандықтың сыры белгілі, ал журналистердің қоғамдағы мәртебесі қандай? Осы сұрақтардың жауабын іздеп көрейік.



Жалғасы. Басы 1-бетте

1959 жылы баспасөз құралдары өкілдерінің тұңғыш шығармашылық ұйымы – Қазақстан журналистер одағы құрылды. Осылайша өткенге көз жүгіртіп, бүгінгі мен бұрынғы салаласқа, қазақ журналистикасының даму процесі жылдам бола түскенін байқаймыз. Онжылдықтарды араға салып жаңалық жасайтын сала қазіргі таңда құрылымдық, жанрлық, тақырыптық жағынан тоқсан сайын өзге кейіпке түрленуде.

Мәселен, әлемдік БАҚ-та әлдеқашан орнын сайлап алған «интернет журналистикасы» ұғымы қазақстандықтар үшін соңғы жылдары ғана толықтай қолданысқа енді. Бүкіл газет-журнал жеке сайттарын, интернет нұсқаларын жасап алды. Радио мен телеарналар да бағдарламаларының интернет арқылы таратылуының тиімді жолдарын қарастыруда. Мұның бәрі кеңістік пен уақытқа тәуелділікті азайтып, ақпаратты жеткізудің жеделдігі мен бәріне ортақ болу мүмкіндігін сыйлады. Осының нәтижесінде ақпараттық сыйымдылықтың көлемі едәуір артумен қатар БАҚ-тың интерактив сипатын қарапайым көрініске айналдырды.

Қазақстанда пандемияға орай 2020 жылдан бастап интернет ресурстарын, әсіресе, әлеуметтік медианы пайдаланушылар саны күрт өсіп кетті. 2021 жылдың қаңтарында 12 миллион адамды құраған, бұл 2020 жылдың басындағы көрсеткіштен есе жоғары.

Түрлі бағыттағы сайттардың орнын әлеуметтік желілер мен мессенджерлер басты, мұнда кез келген ақпарат мәтін, сурет, бейнежазба түрінде ұсынылады. Theopornia.net ресурсының мәліметі бойынша 2020 жылы Қазақстандағы ең танымал әлеуметтік желі vk.com болған. Дегенмен бұл статистика шындыққа жанаспауы мүмкін. Себебі әлеуметтік желілер бір пайдаланушыға бірнеше профайл ашуға мүмкіндік береді. Келесі орында Instagram (6,8 миллион), содан кейін Facebook (2,4 миллион), Odnoklassniki.ru (2,4 миллион) тұр. Тізім соңында – Telegram (шамамен 2 миллион пайдаланушы), Snapchat (1,8 миллион пайдаланушы) және LinkedIn кәсіби желісі (790 мың пайдаланушы) бар.

Дегенмен қолжетімділігі кеңіле көніп, әлеуметтік желінің бұқаралық ақпарат құралдарының қатарына енуі кәсіби журналистика мен блог жүргізудің арасында ақпараттың фейк еместігін, шынайылығы мен таралу жылдамдығын

бір жүйеге түсіре алмай келеді. Бұл туралы белгілі редактор, медиатренер Назгүл Қожабек: «Қазір журналистика мен медианың аражігі ажырата алмай кетіп барамыз. Медиа бар, сол медианың ішінде журналистика бар. Медиада бәрі бар – ойын-сауық бағдарлама да, жарнама да, концерт, сериалың да. Журналистика – бөлек. Медида жүрген адамның бәрін журналист дейміз де, одан журналистің қасиеттерін талап ете бастаймыз. Ол дұрыс емес. Медидағы контенттің бәрі журналистік материал емес. Әсіресе, онлайн медида. Мысалы, қай сайтты алсаң да – медиа. Тек, ішіндегісі – журналистика емес. Менікі дұрыс емес шығар, тек, мен білетін журналистикада журналистің ең басты қасиеті – аналитикалық ойлау қабілеті. «Болды» деп жазу оңай, ол – медиа, ал соның неден болғанын және артынан не болуы мүмкін екенін сараптап, оқиғаны соңына дейін қадағалап, түйінні қойып жазу – журналистика.

Өңшілер журналистердің наным тартып жеп отыр дегендерді түсінбеймін. Өңші ешқашан журналист бола алмайды. Ал тележүргізуші –

болса керек. Дегенмен мемлекеттік тілдегі БАҚ-тың аудиториясын нақты есептеп, медиа нарықтағы орнын анықтау өлі күнге дейін дұрыс жолға қойылмай келеді.

Ақпарат құралдарын қаржыландыру мен қолдау ісінде аудитория өзгеріске ұшырап, қазақтілді көрермен мен тыңдарманның нағыз оқырманы сұранысы немесе талабы еленбей жүр. Сарапшылардың пікірлену сүйенсек, сайттар мен әлеуметтік желілердегі қазақтілді қолданушылардың саны, сонымен қатар қазақ тіліндегі парақшалардағы пікірлер орыс тіліндегіне қарағанда бірнеше есе арта түскен. Қалай, қанша көлемде болса да, ең бастысы қазақтілді аудитория бар. Алайда сауатты, интеллектуалды,

арнасындағы «Парасат майданы», «Абай» арнасындағы «Соңғы муза» бағдарламасының қаралымы аз? Неге «Қосыламыз», «Қызық таймстың» ар шығарылымын миллиондаған

Тілшінің орны – төр Әмбебап болу – қазіргі уақыт пен нарық талабы. Журналист өзі редактор, өзі сарапшы, өзі психолог, өзі корректор, өзі маркетинг болса ғана жүз жүйріктің ішінен

алдымен сол ақпарат халықтың сына-сына

діре білу маңызды.

Журналистің мәртебесі бұқараның арасында жоғары. Журналистің жазғанына айтқанда халық құлақ түреді. Баспасөз орталығы болғаннан кейін газеттер арқылы халыққа мемлекеттің саясаты тарайды. Міне, осы үшін де кәсіби журналистер керек», – дейді.

Ал журналистиканың бүгінгі бейнесі жайлы журналист Дархан Әбдік: «Журналистиканың рөлі әлі де сол Ахаң айтқан секілді – халықтың, оның ішінде әр адамның көзі, құлағы һәм тілі мен үні. Бүгінгі таңда адам өмірі ақпаратқа толы. Ақпараттан тұрады десек те болады. Әділ ақпарат көзінен айырсаң ұлт та, адам да өлем тынысынан бейхабар. Не болып жатқанын білмейді. Ондай қоғамды жалған ақпаратпен адастырып алдау да, мыңды қылу да оңай. Керісінше, бұқаралық ақпарат құралдарына қандай да адами кеңістікке жол берілмесе, сол аймақта болып жатқан адамдардың өмірі өлем үшін беймәлім. Ондай қоғамның үні жоқ. Мұң-мұқтажы да, қасіреті де айтылмай қалады. Демек, қаншаыр да, ара түсер де ешкім болмайды. Мәселен, кезінде Кеңес үкіметі сондай саясат ұстанды. Бүгінгі таңда Солтүстік Корея бар. Аталған ахуалдың екеуі де озыр билікке тиімді. Қоғамды ұсында ұстағысы келетін билік халықты соқыр өрі мылқау етуге тырысып бағады. Демек, азат ақпарат құралдарынан айырады. Дамығысы келетін қоғам біріншіден әділ ақпаратты қажет етуі тиіс, екіншіден сол үшін күресу білугі керек. Бұл айтқанымың бәрі ақпараттық журналистикаға қатысты», – дейді.

БҮГІНГІ БАҚ-ТЫҢ ЖҮГІ ҚАНДАЙ?

Ақпараттық технологияның қарқынды дамуымен әлемдік медиа жүйесіндегі даму тенденциясының елеулі өзгерістерге түсуі бүгінгі қазақ журналистикасының дамуына да өз әсерін тигізгенін мойындауымыз керек. Алғаш IX ғасырдың 2-ші жартысында «Түркістан уалаяты газеті» жарық көрген күннен бастап алған кәсіби қазақ журналистикасы өзінің сан ғасырлық тарихында бірнеше даму сатысынан өтті. Орынбор қаласынан таратыла бастаған алғашқы радиохабарлар «Алтын қорда» сақталды, кейінірек пайда болған фотожурналистиканың шежіресінде өсімі бірінші аталатын фототілші Рысқали Дүйсенғалиев қаншама тарихи сәтті, ұлы тулғалардың бейнесін бізге жеткізді, ал қазақ телевизиясы 1958 жылы дүниеге келіп, тікелей Алматыдан хабар таратылды.

шылбырын үзіп, алға шығады.

Қоғамда журналистке көрсетілер құрмет көбейіп, бұқара үшін беделі биік болғанмен, билік тарапынан журналистердің ел ішіндегі орны ешқандай деңгейге белгіленбеген. Әрине, заң жүзінде журналистердің құқығы қорғалып жүр. Алайда ресми, кәсіби беделі асқақтамай келеді. Бұған себеп көп. Кім көрінгеннің «қасапшымын» деп шымшық «сойып» жүргендігі, ақпарат құралдарының қаржыландырылмауы, ЖОО-да журналистика саласын оқытуды, кадрлық өзгерістерді іске асырмау – осының бәрі журналистикаға, журналистердің кәсіби мәртебесіне кері әсер ететін факторлар.

Қазақ журналистикасының қара шаңырағы – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Мемлекеттік Университетінің ұстазы, ғалым Сағатбек Медеубекұлы: «Журналист – бүгінгі күннің талғамы мен талабын таразылай отырып, өткеннен өнегелі нәрселерді алып барып насихаттайтын, рухты көтеретін және де ол ең әуелі ар мен ұяттың, заңның, мемлекеттің, ұлттық мүдденің алдында жауапты болуы керек. Жауапкершілік осыдан басталады. Шын ықыласы, пейілі болса еңбегімен алып кетеді. Болмаса көп жазушының, ақпарат таратушының бірі болып қалады. Дегенмен, бүкіл қоғамдық сананы бір арнаға бағыттаған журналистика саласында публицистика деген бар. Бұл үшін үлкен жүрек, рух, сана керек. Журналисттің міндеті – жеткізе алады, таптаурын болған ережелерді өзгертіп, жаңа бағытта жаңа тақырыптарға қалам тартып, жазуға деген алғашқы сертіннен айнымай.

қазақ қарайды?

Салыстырсақ, төртеуі де таза қазақтілді бағдарламалар.

– Аудиторияны ұстап тұру үшін деңгейі керек, алайда сондай деңгейге сай көптеген аудитория да болғаны абзал. Неге сарапал сараптамалық мақалалар мен терең талдамалы бағдарламалардың оқырманы аз, көрермені жоққа тән? «Жұлдыздар отбасын» оқытын оқырман мен «Жұлдыз» журналын оқытын оқырманның арасындағы айырмашылық неге жер мен көктей? Яғни, халықтың жеңіл-желпі ақпарат, көңіл-көтерерлік бағдарламалар қажет. Біздің оқырмандар үшін қандай ақпарат қымбат: олардың жылдар бойы тіркелеп жинаған зейінтегі қорындағы қаржының қандай мақсатқа жұмсалып, қандай инвестицияға тартылатыны қымбат па, әлде Қайрат Нұртастың мешітке барғаны немесе Баян Есентаеваның жағажайда жүргені жайлы ақпарат қымбат па?

Өкінішке қарай, біздің көптеген оқырман бұл ақпаратқа бейжай қарайды. Тіпті, назар аудармайды. Керісінше Қайрат Нұртастың немесе Баян Есентаеваның басынан кешкені өте көп талқыға түседі. Яғни, ақпарат құралдары оқырманға өз тауарын ұсынады. Қандай тауар өтімді, сол тауарды саудаға салады. Сол себепті бүгінгі аудиторияның өзін тәрбиелеу қажеттілігі байқалады, – дейді бұл мәселеге қатысты журналист Есенгүл Көпқұзды. Осы орайда мемлекет тарапынан заңды түрде контентке тақырыптық, мазмұндық, жалған немесе шынайылығына қатысты қойылатын нақты талаптар болуы қажет. «Бір құмалақ бір қарын майды шіретсе, бір жақсы мың қолды ізне ертеді» деген мақал осы мәселеге арналғанды. Әйтпесе, рейтинг қуған көптің ішінде еленбей, ескерілмей қаншама құнды журналистік сараптамалар, тың ізденістер, сапалық зерттеулер кетіп барады.




кішке қарағанда (2,5 миллион адам) бірнеше

журналист емес. Өңшілер сараптамалық бағдарламаның тізігін ұстамайды ғой. Өлетін жерін өздері де білетін шығар. Ал «развлекаловка» журналистика емес. Аудитория – ең алдымен контентті тұтынушы. Тұтынушы талғамы – тұтынушының проблемасы. Өзіміз өз өмірлік тәжірибесіне, қажетіне, білімі мен бағажына қарай ақпарат тұтынады, керекін алады. Бұл жерде медиаман қатар, аудиторияның да жауапкершілігі бар екенін ескеру керек. Әйтсе де, «оқырман өзіне керекін ешқашан алады ғой» деген ұстаным да дұрыс емес», – дейді.

Сапалы контент бар, сауатты оқырман ше? Соңғы жылдары елімізде қазақ тілінде мәлімет тарататын бұқаралық ақпарат оқырманы саны артып келеді. Бұл – ең алдымен қазақ тілін қолданатын аудиторияның көбейгенінің белгісі

талғамы биік оқырман бар ма бізде? Жасыратын жоқ, газет-журналдардың орнын сайттың, сайтты әлеуметтік желілердің алмастыра түсуі – әрқайсысында көтерілетін тақырыптың салмағында сынды. Сараптамалық, аналитикалық зерттеу жұмыстарын басылымнан болмаса, сайттардан жиі кездестіреміз. Әлеуметтік желі – жұлдыздардың биографиялық жинағы. Өзіміз де дұрыс емес», – дейді.



Ие, сөз еркіндігі, ой еркіндігі қайтпас-қанда ғана журналистер сол қоғамның жанайқайын айқайсыз жеткізе алады, таптаурын болған ережелерді өзгертіп, жаңа бағытта жаңа тақырыптарға қалам тартып, жазуға деген алғашқы сертіннен айнымай.

ды. Ал тілшінің орны төрде болуы тиіс. Тілшінің мәртебесі пенделік ітіліптан бұрын, «төртінші биліктің» иесі ретінде мемлекет тарапынан кәсіби мерекесі қарсаңында ғана емес, күнделікті және әрдайым маңызға ие болуы шарт.

Дина БӨКЕБАЙ

М. КЕНЖЕҒҰЛОВА

КАҰСАРАЛЫҚ – БАСТЫ ҚАРҰ

Дәрігер мамандығының өзге салаға қарағанда рөлі басым. Алдымен сол жолды таңдау үшін үлкен жүрек керек. Ақ халатты абзал жан адам өмірінің арашасы екенін білуі әрі түйсінуі тағы бар. Иә, дәрігер халыққа қызмет етуге өмірін арнайтын абзал мамандық. Ауыртпалық жүгін қорықпай арқалаған көпбейлі облыстық балалар ауруханасының неонатологі Мереке Алтынбекова 5 жылдан бері науқастар жанына араша болуда. Күтімді қажет ететін нәрестерлерді айқытырып, ата-анасына аман-сау қауыштыратын тәжірибелі маманмен әңгімеліскен едік.

– Мереке, өкінішке қарай қазір белгілі бір ақаумен дүниеге келетін сәбилердің саны күрт көбейді. Статистиканың өзі мұны растап тұр. Мұның алдын алу үшін жүкті әйелдер қандай шаралар атқаруы тиіс?
– Жүкті әйел ең бірінші жергілікті емхана есебінде тіркелуі қажет. Егер анасында кәуіп тобы бар болса, қосымша бақылау есебінде тұрған жөн. Дені



– Неонатологтар біздің өңірде жеткілікті деп ойлайсыз ба?

сау ұрпақ болуы үшін жүктілік мерзімінде дұрыс күтіну, рационалды қиырлы тамақтану, күйзеліске түспеу қажет.

– Түрлі аурумен немесе күтімді қажет ететін сәбилермен жұмыс істеу қаншалықты жауапкершілікті күждейді?

– Дүниеге сәби келіп, халықтың саны көбейгені куәнші. Бірақ киініске қарай нәрестелердің кейбірі ақаумен туылады. Мұндай жағдайда тек ата-аналарға ғана қиындық тумайды, біз үшін де үлкен жауапкершілік жүгі артылады. Сондықтан 24/7 режимі бойынша қызмет көрсетіп, артылған сенімді ақтауға тырысайыз.

– Науқастың диагнозын деп басып анықтау медицина мамандары үшін маңызды рөл атқарады. Десек те кей сәтте қойылған диагноз дұрыс болмай, ауру асқыну жатады. Диагнозға байланысты күтпеген кездер орын алды ма?

– Енді медицина болған соң түрлі жайттар орын алады. Бір нәрестенің өзінде қосымша көптеген диагноз кездесіп жатады. Бөлімшеге түскен әрбір науқасқа толғақанды зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Біздің деңгейден аса күрделі асқынулар шыққан жағдайда республика деңгейіндегі мамандармен кеңес жүргізіп, қосымша емне нұсқаулар аламыз.

– Жаңа туған нәрестенің дені тәспен емге қабілетсіз болуда. Бұл мәселелер қалай айығуға болады?

– Мұндай мәселе сәбилердің арасында белен алды. Басым көпшілігі мерзімде туған нәрестелерде кездеседі. Себебі шала туған нәресте азғасы толғақанды дамып үлгермейді. Бұндай нәрестелерде жұтыну рефлекстері өте төмен болғандықтан, асқазан зонды арылты ана сүтін қажетті мөлшерде беріп, уақыт өте сору ему рефлекстері қалыптаса бастаған жағдайда ана омырауына беру жұмыстары жүргізіледі.

– Бүгінде жаңа туған сәбилер арасында қандай аурулар белең алды?

– Жаңа туылған нәрестелер көптеген қосымша ақаумен туылып жатыр. Ол туа пайда болған аурулар, яғни ондай аурулар ұрық болып қалыптасу кезеңінде пайда болады.

– Өткен жылы “Сары уыз өзегі толық облитерацияланбауы” диагнозы біздің өңірде алғаш рет тіркеліпті. Науқасты емдеп шығу қиынға соқпады ма?

– Жұмыс барысында бұл диагноз бірінші рет кездесті. Алғаш рет кездесуіне байланысты абдырап қалғанымыз жасырын емес. Сондықтан науқастың әрбір зерттеу жұмыстары тығымды жүргізді. Мықты мамандар Болат Маханбетияров, Серік Нұсіпқожаев, Мағжан Абытов, анестезиолог Әбілғазы Жұмасейітұлы, неонатолог-реаниматолог Ольга Хегай сынды дәрігерлермен бірге барлығы сәтті өтті.

– Неонатологтар біздің өңірде жеткілікті деп ойлайсыз ба?

– Қазір еліміз бойынша медицина мамандарының жетіспеуі үлкен мәселенің біріне айналып отыр. Бұл халыққа көрсетілетін қызмет сапасына да әсер ететін белгілі. Неонатолог маманы мерзімінен ерте, түрлі ақаумен туылған нәрестелермен айналысатын маман болғандықтан сұраныс жоғары. Біздің өңірде бұл маман жеткіліксіз деп ойламын, себебі медицина 9 жыл оқыған адам сол үлкен қалалардың бірінде қалғанды жөн санайды. Біздің өңірде де маман тарту, оны тұрақтандыру бағытында жұмыстар жасалып жатыр. Дегенмен де медицинаның жыл сайын дамып келе жатқан сала екенін ұмытпаған жөн. Сондықтан да ондағы кадр даярлауға, аймақтардың дәрігерлермен қамтылуына облыс басшылығы жете мен беруі керек. Әйтпесе, маман тапшылығы үлкен мәселе болып қала берді.

– Маманың жұмыста жетілуі үшін шеберлік дәрістерінің рөлі басым. Осы салада қандай білікті дәрігерлерден кеңес аласыз?

– Өріне, алға жылжу үшін тәжірибемізді толықтырып жатамыз. Көпбейлі балалар ауруханасында білікті мамандар көп. Соның бірін айтамын, неонаталды хирургия және интенсивті терапия бөлімінің меңгерушісі, білікті неонатолог Ольга Хегайдың ақыл-кеңестерін жиі тыңдаймын.

– Жұмысыңыздың шырайлы сәтін қалай бағалайсыз?

– Жұмыс барысында түрлі жағдаймен бетпе-бет келуіме тура келеді. Қиын сәттерде күрделі жағдайдан шыға білу – тапқырлықтың белгісі. Әйтпесе сенімсіздіктің кесірінен шалыс басуын бек мүмкін. Сол себепті сабырлы шешім қабылдай білудің маңызы зор. Өріне, еңбек жолында есте қаларлық сәттер көп. Алайда, мен үшін сәбилердің өмірін аршалап қалуға жанталасқан оқиға дер едім. Біздің жұмыс науқастың жанын қиыған азапты жеңуден тұрады. Бойындағы қайсар мінез – дәрігердің басты қаруы. Яғни алдында қандай қиын іс күтіп тұрса да, бәріне бірдей төтеп беруге дайын болуымыз керек. Сондай-ақ адам өмірінің арашасын шешімді тез қабылдап, жауапкершіліктен жаптармауы керек. Өйткені қай жерін ауырса, жаңын сол жерде. Ақ халатты абзал жандар да шаршайды. Бірақ артық үмітті ақтап, науқас сәбилерді аман-есен ата анасына қауыштырған шаршауды басады.

Әңгімелескен
Ерасыл ШӨРІБЕК



Көз – өмір айнасы. Біз қоршаған ортаны, әлемді көз арқылы танимыз. Сұлулықты, табиғатты тамашалаймыз. Сондықтан көз күтімі, оны қорғау үшін жасалатын жаттығулар салғырт қарайтын жұмыс емес. Адам денсаулығы сыр бермесе де жыл сайын дәрігерге қаралып, толық тексеруден өту керек. Сол арқылы офтальмолог дәрігердің көңесіне жүгініп, көз қысымы мен ауру белгілерін ерте анықтауға жол ашылады.

Байқасаңыз, көбіне аялдамда «нөшілші автобус» деп сұрайтандар көп. Яғни, алыстағын көре алмайды. Мұндай олқылық жыл сайын көбөюде.

Өткен аптада офтальмологтың қабылдауына жазылуым керек болды. Дәрігеріме хабарласып, «Дария мед» клиникасына жолдам алып беруін сұрадым. Клиникада жаныма отырған келіншек телефонмен сөйлесіп болғанымды күтіп, «мен де дәрігерге көрінуім керек едік, қайсысына сілтей аласыз?» деді. Содан ойланп отырып, офтальмолог Әсел Оспановаға ойма оралды.

Иә, ол – білікті дәрігер, өз ісін шебері. Алматыда С.Ж.Асфендияров атындағы медициналық университетті бітірген. Науқастардың көңілін шығып келеді. Ол жасаған ота да сәтті шығады. Диагнозы ойланп, түрлі аппараттарға түсіріп, содан кейін барып қояды. Әсел облыстық көпбейлі аурухананың көз аурулары бөлімінде офтальмолог болып жұмыс істейді.

Пациенттері кез келген адамның диагнозын анықтағандай көңілі де табатынын айтады. Дәрігер адамды емдемес бұрын ол алдымен оның тілін таба біліп, сенімінен шығу керек. Әселдің бойынан бұл қасиеттердің барлығы да табылады. Сонымен қатар ол волонтерлікпен де айналысып, науқас жандардың еміне шипа табуға көмектесіп жүр. Мәселен, Батыс Африка Мали республикасында 3 ай дәрігер волонтер болып жұмыс істеген.

– Көз ауруларының түрлері көп. Туабті, жүре пайда болған аурулар бар. Сонымен бірге қабыну аурулары, жарақаттар, т.б түрлері көп. Қазіргі таңда барыма телефонға тәуелдіміз. Азаннан кешке дейін қолымыздан телефон түспейді. Арасында көзді демалтып, жаттығу жүргізбейміз. Айналып келгенде содан көз аурулары пайда болады. Компьютерге де кешке дейін отырамыз. Мақұл жұмыс істедік деген күннің өзінде компьютерге арнайы кететін көзілдірік бар, сосын арнайы кезге тамызатын дәрілері бар. Көз ауыра бастағаннан дәрігерге көрініп, тиісті тексерулерден өтіп алған жөн. Күтінудің жолдары көп. Телефон, смартфон, компьютер кері әсерін тигізеді. Көп компьютер пайдаланатын адам ығалдандырушы тамшы тамызып тұру керек. Жаттығудың түр-түрі бар. Мәселен компьютермен жұмыс кезінде 15 минут үзіліс жасап, жаттығуға кезек беру керек. Оны гаплаттор арқылы қарап отырып та жасауға болады. Мәселен алыс, жақын нүктеге қарау арқылы да жаттығу жасалады, 8 рет қозғалту керек. Көзді демалту үшін екі алақаныңызды бір-біріне үйкелеп, жұмылы көздеріңізге басыңыз. Осы қалыпта 10-20 секунд ұстап тұру керек. Бұл жаттығуды 5-7 рет қайталаған жөн.

Жұмыс орныңыздан қозғалмай отырмауға болмай жаттығуды бірі: көзіңбен алыстағы нысанды белгіленіз. Мысалы, терезеден сырттағы ағашқа қараңыз, одан кейін терезе айнекке қараңыз. Осылайша 10 рет нысананы алмастыра отыра, көз жаттығуы орындалады, – дейді дәрігер.

Сондай-ақ маман көптеген аурудың себеп-салдарымен белініп, керекті жағдайда беріп үлгерді. Айтуынша, бүгінде көз ауруларының жиі кездесетін түріне бленероу, катаракта, конъюнктивит, көзге ақ түсу секілді дерт жатады екен. Лейкома

көздің қасаң қабығының ауруы. Бұл көбінесе жарақаттанудан, қабынудан, көзге шыққан түрлі жарадан ушығуы ықтимал. Қызылша, шешек, туберкулез ауруларының асқынуынан қасаң қабақта ақ дақ пайда болып, ол кейде беріштеніп бітуі мүмкін. Мұның салдарынан көздің көрінуі нұсқан келеді. Қасаң қабықтың қай жеріне ақ түскеніне, оның көлеміне байланысты. Егер ақ қарашыққа түссе, адамның көзі көрмей қалады. Көзге түскен ақ дәрі-дәрмекке жазылмаса, оған хирургиялық ота жасалады. Ішкі ағзалардың ауруы да көз ауруларына алып келеді. Мәселен, қан қысымы, бадырақ көз аурулары өзәмізге дәлел. Уақытында емделмеген көз ауруы көздің көрінуі нашарлатып, соқырлыққа да алып келуі мүмкін.

Глаукома оптикалық нервтің атрофиясына әкеледі, нәтижесінде адам мүлдем соқыр болады. Бұл егде жастағы адамдар үшін қауіпті, бірақ соңғы кезде глаукома орта жастағы адамдарға, тіпті жастарға көбірек әсер етуде. Бұл – созылмалы ауру, үнемі тамшы тамызу керек. Көздегі қысым гипотензивті тамашмен емделеді.

– Глаукома диагнозы бірден қойылмайды, науқасты толық тексеруден өткізіп, көз ішілік қысым, көру аумағы периметрия, оптикалық көз томографиясы секілді зерттеу нәтижесіне сүйеніп жасалады. Глаукома жастар арасында, туа біткен түрлі нәрестелерде де кездеседі, – дейді дәрігер.

Жалпы бір күнде көз аурулары бөлімінде 10-нан аса ота жасалады. Мұның өзі сақтықты қушейтеу керекін білдіретіндей. Сапғырттықты қойып, сақтыққа мен беріңіз!

Мәлдір
САБЫРЖАН

Бүгінде мемлекеттік және халықаралық бағдарлама шеңберінде медицина мамандары шет елде тәжірибе алмасып, біліктіліктерін жетілдіреді. Нәтижесінде ауыл шекара асып жасалған күрделі оталарды аймақта жасауға мүмкіндік туады. Тәуелсіздік жылдарында төл медицинамыздың қарыштап дамуы – ең басты жетістіктердің бірі де осы.

Тағы бір жаңалық, 2024 жылға дейін медициналық-әлеуметтік көмек көрсететін 62 нысан қайта жаңғыртылады деп жоспарлануда. Бұл өз кезегінде ауруханалардың қайтадан жаңартылып, заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуіне жол ашақ. Жалпы республика көлемінде денсаулық сақтау саласындағы ілкі қадам

жетерлік. Олардың қатарында ауыл тұрғындарының жағдайын жақсарту, медицина қызметкерлерінің жалақы мәселелері бар.

Мысалы, биыл 50 адамға

Заманауи сапалы медициналық көмек көрсету – дамыған қоғамға тән өзгеріс. Медициналық құрал-жабдықтың жеткілікті болуы, маман біліктілігінің деңгейі халықтың өмір сапасын жақсартып, экономикалық ілгерілеуге өкелетіні анық. Соңғы жылдары елімізде де аталған сала қарқынды даму үстінде. Мәселен, Қызылорда облысының өзінде 30 жылда 161 медициналық нысан іске қосылған.

қадам. Әлемдік стандарт бойынша барлық халық алатын медициналық қызметтің 80 проценті МСАК көрсететін ұйымдардан алынуы қажет. Пандемия



мәселенің бетін ашқаны белгілі. Сондықтан аталған шешім салаға реформа енгізуге сеп болмақ. Яғни, елді мекендерде медициналық, фельдшерлі-акушерлік пункттер мен дәрігерлік амбулатория құрылады деген сөз. Саладағы жағымды өзгеріс мұнымен шектелмейді. Келер жылдан бастап медицина қызметкерлерінің жалақысы 30 пайызға артады. Денсаулық

сақтау саласы мамандарының әл-ауқатын көтеруге бағытталған шара халықтың өмір сапасына да әсер етері анық.

Аталған өзгерісті ҚР Денсаулық сақтау министрі Ақар Гиният өзі байлайша түсіндірі:

«2021 жылғы 1 қантардан бастап 247 мың медицина қызметкерінің жалақысы өскен болатын. 2022 жылы дәрігерлердің жалақысы орташа есеппен 30 пайызға, ол 400 мыңнан астам, орта медицина персоналының жалақысы 20 пайызға, ол 200 мың теңгеден астамға артты», – деді.

Мемлекеттің ең басты байлығы – адам. Сондықтан азаматтардың денсаулығы үшін жаңа бастамаларды қолға алу тек әлеуметтік емес, экономикалық, саяси өзгерістердің де бастау көзіне айналары анық.

Берен ШАҒЫРӨВ

Соңғы жылдары бүкіл әлем елдерінде табиғи-минералды шикізат ресурстарымен қатар азық-түліктің де жетіспеушілігі сезіле түсті. Бұл дүниежүзіндегі адам санының есу қарқынына әлемде өндірілетін азық-түлік өнімдері көлемінің сай көлемімен түсіндіріледі. Мысалы, Қазақстанда қант тапшылығы туындады. Оған сай сатушылар қолдан қант бағасын қымбаттатып отыр...

Өмірлік маңызы бар азық-түлік тауарларының жетіспеушілігі мен олардың бағасының тым жоғары болуы халықтың әлеуметтік топтар мен таптарға жіктелуі, заңсыз көш-қон секілді жағандық маңызы бар проблемаларды туындатады. Жалпы халықтың ең төменгі жалақысы – 60 мың теңге. Оның кем дегенде 50%-ын коммуналдық төлемдерге кетеді. Қалған 50% азық-түлікке жұмсалады. Қазір 1 қап ұнның өзі 13000 теңге тұрады. Елімізде азық-түлік жетіспеушілігі аз-

кем байқалатыны рас. Басқа мемлекеттен келетін өнімдерді айтуымызға болады. Қазіргі таңда жер бетіндегі 7 млрд-тан астам халықтың 1,5 млрд-ы азық-түліктің жетіспеушілігін сезінуде. Олардың көпшілігі ауыл шаруашылығы өнімін өсіруге қолайлы елдерде тұрады. Орталық Азиядағы елдердің барлығы дерлік дөңді-дақыл өсіруге қолайлы Қазақстанның астығына тәуелді. Егер көрші елдерде ұзақ уақыт бойы аштық салдарынан әлеуметтік тұрақсыздық орын алса, көп кешікпей оның зардабы Қазақстанға да келіп жетеді.


Еске түсіретін болсақ, 2007 жылы әлемдік қаржы дағдарысы мен бірге азық-түлік дағдарысы да орын алды. Алайда шет мемлекеттерге көп көлемде астық экспорттағанымызбен, кейбір азық-түлік өнімдерін сырттан импорттауға мәжбүрміз. Еліміздің 17 өңірінің 7-інде азық-түлік бағасының өсімі республикалық көрсеткіштен жоғары

түлік бағасы қымбаттаған, картоп, жуа, қызанақ, қияр бағасы өте жоғары. Мен зейнеткермін, алатын ақшам бар жоғы 90 мың теңге ғана. Айына толтырып алғанымның өзінде күніне алатын нан, сүтім бар. Алдыңғы жылға қарағанда баға 2 есе өскен секілді. Бұл баға қашан түседі деген сұрақ барлық адамның ойында жүрген жұмбақ. Халықты сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету ісі қай заманда да, барлық мемлекеттерде күн

Білімнің кілті, өмірді танытушы құрал – кітап. Алға басу үшін «кітап» дейтін бақ керек. Алайда арғы жағын ойлай бермейтін азаматтар оқудан ада болған. Кітаптың қасиеті құрып, оқырмандары азайған заманның зардабы қандай болмақ?

Рухани мүгедектер көбейіп, жаны бос, тәні ғана түгел жандар көп бүгінде. Кітаптың қызығына бату көптің қолынан келмей тұр. Кітапхана сөрелерін шаң басып, оқырманы табылмаған қанша оқулық тұр десеңші. Желөкпелікке салынып, жеңілдің

адамға да жетпейді. Себебі монитор артындағы үзік білімнің өзі кітап беттерінен алынған. Тек оқулық ақтарып, оны



ОҚУДАН ТЫЙЫЛСАҚ, ОЙЛАУДАН ТЫЙЫЛАМЫЗ

астымен, ауырдың үстімен етүге өкшелеп алған өрендердің кітап оқымауы – заманауи технологиялардың кесепаты. Ғаламторға, смартфонға байланған жасөспірім кітаптың бетін ашпақ түгіл, оған басын сұқпайды. Мойыны үзілгенше монитор бетінен бас алмайтын балалар болар шақтың жас болар, орда бұзар азаматтары деуге ауыз бармайды. Маржанмен емес, әлемжелідегі арзан біліммен азықтанып өскен ұрпақтан қандай болашақ күтуге болады?


Заман талғамы тым жоғарылап, технологиялар жаңартылғанмен де жалғыз ғаламтордың білімі жалқы

санаға сіңірсең сенен артық «саналы адам» жоқ. Жетістіктің ең басты негізі – кітап. Тез ойлануға, тез шешім қабылдауға, өсіп-жетілуге жәрдем беретін де кітап. Онсыз ойлаудан қалып, ор текеден еш айырмалы болмай қалады. Кемелденуге көмекші болар кітаптың қай ғасырда да орны бөлек, орамы бөлек. Сан ғасырлар бойы оқуға, көзді ашуға көңіл бөлінгені де сондықтан. «Алаш» салып кеткен арлы жолды адал аттап, ақылды ұрпақ болуға талпыныс тағы қажет. Кітапты қолдан тастамай, қиянат қылмау – саналы адамның саясаты.

Қаншалықты көңіл бөлінгенмен жасөспірімнің оқуға деген махаббатын ашу ақсап тұр. Елімізде іс-шаралар, ынталандыру үшін жасалатын жарыстар жиі ұйымдастырылады. Бәйгеге түрлі сый-сияпат тігіліп, үздік оқырманды анықтайды. Қанша үлестіріп, жеңістерімен құттықтаса да, қызығушылық деңгейі сол қалпында сияқты. Күйіндіретін сол...

Аружан ҚАРАБАТЫРОВА

БАҒА ҚАШАН ТҮСЕДІ?



болды. Ең алдымен Қарағанды мен Түркістан қалаларында қымбат-шылық байқалған. Төмен баға Шымкентте. Бұл ретте қала тұрғыны Майра Нұрмағанбет өз ойын былай сабақтады. – Шынымен де азық

тәртібінде тұрған – басты мәселе, – деді. Мәселенің жай-жапсары осыған саяды. Алайда базардан азық-түлік апарда сатушыға «неге қымбат?» деп сауал қойсаңыз, «тасымал қымбат, жанармай құны жоғары» деген уәж айтады. Онымен қоса тауарға сұраныстың артуына байланысты баға да көтерілгенін жасырмайтыны бар. Сондықтан қуырлы органдар нарықтағы тауар айналымы мен баға саясатын басты назарда ұстап, халыққа тиімді тұсын бағамдаса, ұтылмасымыз анық. Себебі бақылаусыз кеткен бағаның барар жері белгілі...

Аружан СЕРІКБАЙҚЫЗЫ

Үштілділік дамуға бастар жол ма, әлде халқымызды төл тілі мен төл руханиятынан айыратын сор ма? Бұл мәселе тұрғысында қоғам екі түрлі пікірді ұстанады, біреулер үштілділік еліміздің дамуына әсер етуші бірден-бір фактор деп шырылдаса, енді бірі бұл ұстаным ұлттық тіліміздің құрдымға кетуіне апарады деп күйінеді. Үш тілді қатар меңгеру ербір азамат үшін маңызды деп тапқандықтан, басышылық тарап тілдерді меңгеруді мектеп жасынан бастауды жөн көрді. Жоғары сыныптарда орыс тілі мен ағылшын тілін оқыту енгізілген. Дегенмен, соңғы жылдары бастауыш сыныпқа, оның ішінде 1 сыныптарға үш тілді қатар үйрету үрдісі жолға қойылған болатын.

Мәселе осы шешімнен соң-ақ шиеленісе түсті. Мектеп табалдырығын жаңадан аттап, әріп атаулымен жаңа та-нысқан бала-қай-дың үш тіл өліп-биін

ҮШТІЛДІ БІЛІМ

ҮШПАҚҚА ШЫҒАРА МА?

қатар меңгеруі қиыншылықты келтірді? Ммы сергек, ойы үшқыр балалар өліпбиді тез жаттап, үш тілдің әріптерін зырылдата айтып шығуы әбден мүмкін. Дегенмен, әр тілдің өзіндік мәнін ұғынып, сөздік қорының қойнауына сүңгі ала ма деген сауал ойды шырмайды. Мұнда ескертін тағы бір жайт, бала қабілетінің алуандығы. Барша қазақстандық оқушылар данышпандық қасиетке ие емес, үлгерімі орташа және тіпті төмен оқушылардан да бар екені анық. Олар үшін қазақ тілінің сан түрлі ережелері мен заңдылықтарын меңгеру қиындық туызады, өзге екі тілдің мәселесі тіптен күрделі. Түрлі қарсылықтар орын алып, бұл бұрыс шешім делінгенмен өзіндік дәлелдемелері арқылы үш тілді қатар оқыту білім жүйесіне енгізілді.

Бұл туралы Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетовтың өзі мәлімдеген болатын:

«Зерттеулер мен талдаулар жүргізгеннен кейін біз бірінші сынып оқушысына бірден 3 тілді меңгеру қиын екенін көрдік. Бұл – тиімсіз. Біз бұл мәселеге қатысты шешім қабылдадық. Енді қазақ тілінде оқытын мектептерде 1-сынып оқушысы бір ғана тілді, яғни қазақ тілін меңгереді. Біз баланың алдымен өз ана тілінде оқуды және жазуды үйренуі үшін тиісті жұмыс жүргізіп жатырмыз. Екінші сыныпта бағдарламаға орыс тілі, үшінші сыныпта ағылшын тілі қосылады. Орыс тілінде оқытын мектептерде 1-сыныпта орыс тілі мен мемлекеттік тіл, ал 3-сыныптан бастап ағылшын тілі болады» – деді министр.

Үш тілдің ортасында басы қатып, ойы шатасып жүрген 1-сынып оқушыларын кенеттен жақсы жаңалық қуантты. 1-сыныптың оқу бағдарламасынан орыс тілін алып тастау құпталды. Алдағы уақытта орыс тілі 2-сыныптан, ал ағылшын тілі 3-сыныптан бастап оқытылатыны хабарланды. Демек, 1-сынып оқушылары алдымен мемлекеттік тілімізді меңгертін болады. Бұл шешімді қабылдау барысында біршама зерттеу жұмыстары жүргізіліп, балалардың жас ерекшеліктері ескерілсе керек. Алдымен ана тілін ұғынған бала өз тіліндегі мәртебесі мен маңызын әрдайым есте ұстай-тыны анық. Ана тіліміз – қазақ тіліне деген құрметтің кішкентай көрінісі осыдан басталады емес пе?

Сағынш ӘЛАЙДАНОВА

Жастар қазір мамандықты өз қалауымен емес, грант үшін немесе ата-ана өркімен тандайды. Неге?

Жастар барынша еркін, жеңіл өмір сүргісі келеді. Ғаламтордан қарасаң, қазіргі таңда замандастарымың көп бөлігі жұмыссыз. Түрлі дереккөздердегі сауалнамаларда жүзге жуық респонденттердің 31,3%-ы жұмыспен қамту орталығына, 27,7%-ы интернет ресурстарына жұмысқа тұру мақсатында өтініш қалдырған.

Сауалдамаға қатысқан жастардың үштен бір бөлігі жоғары оқу орны мен кәсіптік оқу орнында алған мамандықтары бойынша жұмысқа орналасудың қиын екенін айтқан. Жастардың 42,2%-ы білім алған мамандығы бойынша жұмыс істемейді, 25,3%-ы таңдаған мамандығы бойынша жұмыс таба қиын деп санайды. Ал 71,1%-ы жұмысқа орналасуда кездесетін ең басты қиындық ретінде жұмыс тәжірибесінің жоқтығын алға тартқан. Тағы бір дерек. Көптеген жас жанына жақын кәсіптің тұтқасын ұстаудың орнына өзі қызықтайтын саланы оқу ақысы арзан, ортаңқол оқу орнында шала меңгеріп шығады екен. Сабаққа аңсары аумағандықтан, оған ден қоймайды. Қосымша жұмыс істеп жүріп, емтихандарды өткізіпдеп жауып, қолға диплом алады. Осылайша мамандығынан мақұрым тағы бір маман жұмыссыздардың қатарына қосылады. Өздеріне ұнайтын іспен айналысатындар әлдеқайда бақыттырақ екендігін өмір әлдеқашан

дәлелдеп қойған. Қандай жұмыс болмасын, адамға қуаныш сыйлап, содан рақат алса, онда ол адамның мамандық таңдауда адаспағаны. Сондықтан баланың шама-шарқын ескерместен сүйреуле, қабылдауға ынтылас жоқ немесе қабілетсіз ой еңбегіне жеру қате. Одан да сүйікті,



ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛМАС ҮШІ...

қолынан келетін ісіне баулу анағұрлым абзалырақ деп ойлаймын. Бұдан бөлек, түлектерде мамандық таңдауда объективті апарат жоқ. Сондықтан таңдау жасарда атынан ат үркетіп, кеңестік кезеңде айыройлы саналған мамандықтарға барады. Тиісті органдарда қандай мамандықтар бойынша бос жұмыс орындары бар, қай сала маманға тапшы, көрініше қандай мамандар шамадан тыс асып кеткені туралы ақпарат бар. Осы ақпарат мектептердің жоғары сынып оқушыларына етене таныстырылса, түсіндірілсе бақым жыл сайын бір қателікті қайталай бермес пе едік? Бұл орайда «Дипломмен – ауылға!», «Жастар кадрлық резерві», «Жастар тәжірибесі» сынды бағдарламаларды кеңінен насихаттауымыз қажет.

Шұғыла МҰРАТБЕК

Ерте заманда бір аңшы өмір сүріпті. Оның аңды да ақыды әйелі болыпты. Екеуі өте жарасымды жұп екен, тек бір өкінішті әйеліне күйеуінің аңшылық іс ұнамапты. Себебі аңшының әйелі Раяна табиғатты, аңдарды, өн салатын адамдарды құстарды берін жақсы көреді екен.

Күндердің күнінде өз елінен тысқары жердеп нұр орманын ішінде сұлулығы ерекше кермәралдың пайда болғанын естиді. Есіл-дерті тұзаққа түсуі болады. Жолдың алыстығына, күннің ыстықтығына қарамай жолға шығады. Неше күн жол жүріп, нұр орманға келеді. Орман ағаштардың ісіні, ағаштардың аспанмен тіркескен биіктігі өз елінегідей көрініді.

«Мұнда неге келдің? Кімсің?» – деп сұрады сұлу. Тағы да бірден елдерді айтқандай болды. Тек оны естуге де, түсінуге де аңшының мұршасы болмады. Ол ерекше бір күйге еніп тұрған еді. Тек адамға ұяйтын соң құстардың сырыптықтарды дауыс құлағының дәл түбінен

Ғажалық кермәрал

Ал оның күйеуі болса мергендігін мақтан тұтып, әрбір атып алған елінің, аң-құсын қызық бағаға сатып, байығанның үстіне байы түсіпті. Әйелі өлтірілген жануарларды аяп, көз жасын төгуге болады. Күйеуіне қанша жалынса да, ол аңшылық ісін қоймайды. Күйзеліске түскен Раяна болса күннен-күнге солған түр сөкілді өңі қуарып, түрі қаша бастады.

Ақыры бір күні ғажайып құбылыс болып, Раяна бұл сөкілді аспанға ұшып жоқ болды. Кенеттен сүйіктісімен айрылған аңшы қайғыға түседі. Бойын ашу кернеп, әйелінің құпия түрде жоқ болғанына ызаланған кезде тау кезіп, аңшылыққа шығады. Осындай күндері бейнәу жануарлар мен құстарды үлкен-кішісіне қарамай жайратып салады. Ол әрбір сұлатқан жануарды көргенде, ішкі дерті басылғандай күл кешіп, масаттана түседі.

жануар, оны үркітіп алмайын деп аяғын санап басып, жай қимылдан ітеріс жүре бастады. Кермәралдың терісі де, еті де құнды бағаланатынын есіне түсірсе, тағы да алтын теңгелер алатынына қуана түсті. Мұрнын қарағай інелерінің ісісі жарып барады, кенет бір әдемі әуен естілді. Аңшы тұра қалып тың тыйдай бастады. Өуен ешкімнің, ештеңенің дауысына ұқсамайды. Аңшы түсіне алмай деп-сөз күйде қалып қалды. Бір мезет алыстан шыққан әсем әуен сүйіктісі Раянаның тәтті күлкісіне де ұқсап кетті. Не деген ғажал? Бұл не? Бұл кім?

Дыбыстың кімге тиесілі екендігін білгісі келген аңшы тілі қиялдың құшағында дауыс шыққан жаққа қарай жүре берді. Бір сәтте алдынан сұлу кермәрал көрінді. Оның сұлулығы аңшыны баурап алды. Ол жансыз ескерткіш құсап мелшіліп тұрып қалды. Кермәралдан көзін алмайды. О, ғажал! Бір сәтте сол манайда ерекше аспапта ойнап отырған сұлулық көрді. Бет-жүзі бұлыңғыр тартып, түрі анық көрінбейді. Десе де сол бұлыңғырлықтың астарынан да қыздың сұлулығы адамның көзіннің жауын алады. Аңшы мелшіліп, мылқау жан сөкілді қатып қалады. Сол кезде сұлу қыз бірінші бол тіл қатады. Дауысы да өте таныс, өте нәзік әрі жақын.

шыққандай, шырты ұйқыдан селт етіп оянағандай болды.

Ал, неге келдің? – Мен осы жакта сұлу кермәрал бар деп естідім. Оның еті де, терісі де өте құнды деген соң, соны атып алғалы келдім, – деді аңшы. Сонда бейтаныс қыз сен ол кермәралға тиіс жануарларды бұдан былай атпа, қасиетің өзгерет деп жалыншыты үнімен айтты. Бүгін үйіңе қайт, ертең кел, сен үлкен сынақтан өтіп жатсын, өзіңе бекем бол деп сұлу қыз қайып болды. Сол мезгілде өзін Раянаға да осылай ғайып болғаны есіне түсіп, алды осы сұлу өзімнің Раянаға да деген үміт оты жылт етті. Сұлудың тіліп алып, үйіне қайтып кетті. Ертесіне тағы келіп, сұлуды іздей бастады. Бірақ таба алмады.

Кенет дәл алдынан кермәрал жүгіріп шықты. Ол кешегі сұлудың енді жануарды атушы болма дегенін ұмытып кетіп, кермәралды жайратып салады. Байғис жануардың аянышты шыққан дауысы шықты. Аңшы қасына жетіп барды. Аңшының қуаныштан көзі оттай жанып тұрды. Кенет аңшының көзі кермәралдың көзіне түсті. О, сұмдық бұл аңшының сүйіктісі Раянаның көзі. Бірте-бірте кермәрал Раяна кейпіне енді.

Қансырап жатқан Раяна сен сынақтан өте алмадың дегендей, соңғы рет аңшыға мұңлы нөздерімен бір қарады да мерт болды. Сол сәтте қандай кәтелік жасағанын түсінген аңшы ауыр күрсініп, көз жасына ерік берді. Сол күннен бастап аңшы есі ауысқан іздеуіс орман-тоғайды арапай, кермәралды іздеумен өмірден өткен екен.

Рахима АХМАДУЛЛА,
№5 И.В.Панфилов
атындағы мектеп-лицей
оқушысы

Ертеректе көпшілікке беймәлім ескі қалашықтың шетінде кеден бір сіңірі шыққан ата мен әкей өмір сүріпті. Екі қарттың жастары ұлғайғанда көрген жар дегенде жалғыз ұлы болады. Есің алдындағы қарада 3-4 ешкісі мен жаңбыр қоразына қарап жан бағып отырған олар ұлдары есейе келе аңшылықты кәсіп еткен ұлдарының арқасында күнде азын-аулақ қолға түскен аң, құспен күнелтіп жүреді.

Жолы болып жатса бір күнде 5,6 қырауып, 1,2 қоянды да қанжығасына байлап жүрді. Бойынан құш-қуаты кетіп, тұла бойды әлсіздік билеген шақта екі қарттың бар сүйеніші осы ұлы Айдар еді. Таң бозарысымен непақанды тап дегендей Айдардың айдарлы қоразы күнделікті күннің шыққанын хабарлап, қу-қар-қуу деп шақырып, тәтті ұйқыдан оятатын. Тап осылай күндегі әдетінше аңшылыққа орманға қарай бет алған Айдар беймак келе жатады.

Кенет жол үсті көз көргісі шаңға айналады. Жердің топырағын басына көтере шұласып жатқан шіңкілдеген дыбыстар естіліп жатыр. Жігіт аң-тарап қарап тұрмай жол үстіндегі шаңның арасына өзі де қойып кетеді. Қараса бір-бірін атып ұрып жатқан екі тышқан екен. Анықтап зер салса бірі ақ, бірі қара тышқан болып шығады. Үнсіздіктен бақылаған ол қара тышқанның ақ тышқанға өдеріс қысым көрсетіп, тысыра кеуде тұсына жармасқанын көреді. Сасқалақтаған Айдар тышқандардың бұл әрекетін ой елегінен өткіз-өткізбестен «Осы ақ түс деген ақтықтың, тазалықтың, пәк кіршіксіздіктің белгісі демеуші ме еді?», – деп ақ тышқанға жәрдемдеспекші болып, қара тышқанды жығына көмек қолын созып қолындағы садағын береді. Садақта аласа қара тышқанның қақ маңдайына көздеген ақ тышқан дйттеген жеріне дәл тигізеді. Міне осылайша қара тышқанның ажалына қу болған екеуі қара ниетті зұлымдықтың бетін қайтарғандай бір-біріне разы кейіпте тұрғанда, ақ тышқан өте сымбатты, келбеті келіскен, батыр тұлғалы серіге айналады. Таң қалысын жасыра алмаған Айдар тілін жұтып қойғандай ләм-мим деместен тұрып қалады. Сол мезет тілге келген ақ тышқан:

«Саспа жігітім, мен адамдық елінің патшасы Мирас ханзадасымын! Ал еліңде өзін көрген қара тышқан күллі жамандық атаулының ханзадасы Кан патша дейді. Біздің

шайқастың тарихы тереңде. Ертерек уақтан бері жер бетінде әділдік, шындық, жақсылық, мейірім мен қанағат атаулы ұлы қасиеттердің өмір сүруіне біз себепші болып келеміз. Ал Кан патшалығы тек зұлым іс-әрекеттермен біздің жақсы іске тосқауыл болып келеді. Қысқасы айтқанда біз адамдардың ішкі сезімдерінде патшалық құрамыз. Осы уақытта дейін жер бетіндегі барлық жаман қасиеттер осы қара тышқан, яғни Кан патшалығынан тарап келді.

Бүгін сенің арқанда талай жылға созылған екі түрлі қасиеттердің күресінде жақсылықның жанынан қолға түсірген қызметші әйел, таң бозарысымен зып беріп тайып тұрады. Барі ұйқыда жатқанда көзі мүлгімеген қораз ғана күн шығысқа қарап отырған еді. Сақина жоғалғанын білген Айдар кімнен көмек сұрауын білмей ары жүріп, бері жүріп басы қатады.

Оны білген Айдардың баяғы айдарлы қоразы таң атысымен сақинаны іздеп жолға шығады. Күн артынан күн, ай артынан ай өткен шақта қораз әлгі әйелді іздеп табады. Байқаса, хан сарайындай алып ғимараттың төрінде әйел өзін патшалық етіп, қол астына құш ұстайтын дәрежеге жетіпті. Өріне сақинаның құдіретімен.



сақинамды тарту етейін, сен тек арқама жайғасып көзіңді жұмсаң болғаны, мен аш дегенде ғана көзіңді аш», – деп қайта тышқанға айналады.

Ойланып қалған Айдар сұмдық-ай мына тышқанның арқасына отырса ажалына өзім жетпеймін бе? деп не істерін білмей дәл болған жүй тышқанның арқасына жайғаса кетеді. Мирас патшаның көзінді аш деген дауысынан селк ете түскен Айдар одан әрі танданысын жасыра алмай зәулім алтын сарайға қалай кіргенін білмей қалды. Қонақ етіп, әлгі қасиетті

сақинаны тапсырған Мирас патша уәзірлеріне Айдарды еліне аман-есен жеткізулерін тапсырып, шығарып салады. Елге оралған Айдар сақинаны бір бұрағанда ішінен тілегін орындала кетеді. Міне, осылайша өз еліне жақсылық атаулыдан патшалық құрған Айдар күндердің күнінде жолдастарына өзінің баю себебін айтып отырғанын тыңдап қойған қызметші әйел сақинаны қолына түсіруді ойлайды. Келесі бір күні үй тазалығымен ерте жүріп, әлгі сақинаны Айдардың басындағы жастағын жүрген жақсылықның жанынан қолға түсірген қызметші әйел, таң бозарысымен зып беріп тайып тұрады. Барі ұйқыда жатқанда көзі мүлгімеген қораз ғана күн шығысқа қарап отырған еді. Сақина жоғалғанын білген Айдар кімнен көмек сұрауын білмей ары жүріп, бері жүріп басы қатады.

Оны білген Айдардың баяғы айдарлы қоразы таң атысымен сақинаны іздеп жолға шығады. Күн артынан күн, ай артынан ай өткен шақта қораз әлгі әйелді іздеп табады. Байқаса, хан сарайындай алып ғимараттың төрінде әйел өзін патшалық етіп, қол астына құш ұстайтын дәрежеге жетіпті. Өріне сақинаның құдіретімен.

Аяулым СӨУЛЕБЕК,
№224 орта мектебінің
оқушысы,
Жаңақорған ауданы,
Өзгерт ауылы

Ертеде Алатаудың арғы бөктерінде қоныстанған ауыл болыпты. Онда бөреке-бірілгі жарасқан, адамгершілігін ұмытпаған, жандары жайсаң жұрт тұратын деседі. Көші ауылдармен салыстырғанда елдекідегі тыныш жер еді. Бірақ әр нәрсенің жақсысы мен жаманы бірге жүреді демекші, киіз үйін басқа үйлерден асып тіккен, малдың бабын білмесе де, менің дүнием деп малдарына тірі жаңды жақындатыптын саран бай өмір сүріпті. Ауылға келгені бір рет те үйіне қонаққа шақырмаған, біреуе қонаққа бармаған.

Жолаушылатып келген жандардың да көздері бұден сол байдың үйіне түседі екен. Сонда ауыл тұрғындары «Адаммен сынопау, көңіл көтеру дегенді білмейді. Қашан көрсен қабағынан қар жауып жүреді. Өзі жалғыз, бала-шаға түгіл бөбішесі жоқ» деген сөзден басқа ештеңе айтпайды екен.

Бір күні ауылға «көші ауылда ат жарыс болады, ұтысқа қомақты ақша тігіледі» деген хабар келеді. Көп ұзамай бай да бұл шақырудан хабардар болып, сол арада тізімге өзінің есімін де жазызады. Бір күні өзінен басқаның бабын білмейтін бұл жарықтың таң ата бар малын қорасына кіргізіп, өзіне қолып салып, өз қылысын дайындауға кеткен екен. Сондағы дайындағаны өлсіндіні қалмасын деп қарнын көтере алмағанына жем-шөбін бергені гой. Солай жүріп бай төрт күндей үйіне оралмапты. Ақыры жарыстың уақыты келгенде ол атына шабандоз іздейді. Барлығы «тұлпары жарамайды» дей береді. Бірақ, шыдамы таусылған бай бір жігітті тоқтатып,

«атыма шабандоз бол, үлесіңді беремін» деп көндіріп алады. Бірақ ойлағандай бұл тұлпарға жеңіліс бұйырып, аты шабандозға қалады. Солай бай жазу үйіне келсе, барі үйінің алдында жиналып тұр екен. «Не болып қалды» деп сұраса, «қорғаннан өлген малдың иісі шығып тұрды» дейді.

Бай құлпытты бұзып қараса, барлық малы аштықтан қырылып қалыпты. Мұндай азапқа төзбеген бай отырып алып, еңірей кетеді. Енді қалғаны бай деген аты ғана. Ауылдастарына «не менің де малыма «жарамдындар»? деуге бағыты жетпеді. Себебі өзінің малына қолының ұшы тигізген адамды өлгенше қарғайтын әдеті есіне түсе берді. Тұрғындар мұны жаздайын сөзсіз түсінді. Өткен кеткеннің бөріні ұмытып, қонақ қылады. Ыстық ортаның жайлылығын енді ғана сезгендей болған бай істеген істеріне өкінеді. Оған тұрғындар өздерінің жерінің бір бөлігін беріп, егістікпен айналыс деді. Солай бай да тату өмірге үйренісіп, нағыз үлгілі адамға айналды.



Ертеде бұлттың ішінде адамдар өмір-еркін өмір сүріп, бір-бірімен ерекше тіл табысып, тату-тәтті өмір сүріпті. Кейде адамдар ақша бұлтты ерттеп мініп алып, көк аспан ғаламында қалықтап, серуендеп, қыдырып та қайтатын. Өркіш-өркіш бұлттар мен адамдар арасындағы осындай татулықты көре алмаған Жел екеуінің арасына ол салмақшы болады. Құйындай ұйытып, желіп барып біресе бұлтқа, біресе адамға барып сығындап сөз тасып, аңыры бір-бірімен қырық пышақ етіп ұрыстырып, дегеніне жетеді. Бірге ойын-сауық құрып, сыртынан еск-аң айтқан адамдарға іштей қана болған Бұлт олардан

іргесін аулақ салып: «Ей, Адамдар, сендерді мұндай екекүздіктерден бізді алысқа апармайды. Сендер жерге түсіп, енді тек сонда ғана өмір сүресіңдер. Маған оралатын уақыт сендерге беймәлім», – деп жөңіліп көшіп кеткен. Сонда адамдар мызғымас достықтарына сызат түскеніне өкініп, Құдіретті күштен жалбарынып тілек тілеумен болыпты. Сөйтіп, Құдіретті күш адамдарды бір-бірінің қадірін білу үшін жерге түсіріп, дүние-дүмнның бағытын сыйлапты. Бірақ, адамдар бұрынғыша қалған сәтінде бұлтқа мініп, көк аспанды шарлап, саяхаттай алмапты. Арада күн артынан күн, ай артынан ай дөңгелегіп өте беріпті. Жер болса, сол бірінші ауыз жөңіліп әдетіне сығындап, бір жерге тұрақталмапты. Ал, Бұлт кей-кейде адамдарға көк аспандан қарап тұрып, адамдарға деген еріксіз сағынышын жасыра алмай, көз жасын төгіп алды деп көрінеді. Оның жасы бізге жаңбыр тамшылары болып тамады деседі.

Бақдәулет ЖОЛДАС,
«Орда School» жеке
мектебінің
оқушысы



ҚҰРАМАНЫҢ ҚАРҚЫНЫ

Футболдан УЕФА Ұлттар лигасының төртінші туры аясында Қазақстан ұлттық құрамасы «Астана Арена» стадионында Словакияны қабылдады.

Өз алаңында Қазақстанға 0:1 есебімен есе жіберген словактар елордаға қарымта қайтару үшін келген еді. Ойынның 18-минутында оң қапталдағы Михаил Габшешван пас алған Вороговский есеп ашты. 31-минутта Янның тағы бір гол соғатын мүмкіндігі болды. Есесіне сегіз минуттан кейін тағы да оң қапталдан Тағыбергений асырған пасын Астанов баспен қақпаға дәл түсірді. Бұл Эльханның ұлттық құрамадағы алғашқы голы ретінде тіркелді.

Екінші таймның басында словакиялық Матуш Берон жақын бұрышты дәл көздеп, есеп айырмасын қалжыртты. Бұдан кейін Игорь Шацкий екі мәрте өз қақпасын аман алып қалды. 87-минутта деректі ойынан словакиялық Андрей Дуда алаңнан кұылды.

Осылайша, қарсыласын 2:1 есебімен тізе бүктірген Қазақстан құрамасы ұпай санын 10-ға жеткізді. Ресейлік маман Магомед Адиев жаттықтырғаннан бері қазақстандықтар төрт кездесудің үшеуінде жеңіске жетіп, біреуінде тең ойнады.

Қазақстан құрамасы қалған ойындарын қыркүйек айында өткізеді. 22 қыркүйекте Беларусьті қабылдаса, үш күннен кейін сырт алаңда Әзербайжанмен күш сынасады.

Қазақстан – Словакия – 2:1

Голдар: Ян Вороговский 18, Эльхан Астанов 39 – Матуш Боро 51.

Сары қағаздар: Рамазан Оразов 86 – Норберт Дьомбер 23, Ондрей Дуда 86, Ладислав Алмасы 90+4, Юрай Куцка 90+5.

Қызыл қағаз: Ондрей Дуда 87

Қазақстан: Игорь Шацкий (қ) – Тимур Досмағамбетов, Нұралы Әліп, Александр Марочкин, Сергей Малый, Михаил Габшеш (Бағдат Қайыров 73)

– Асхат Тағыбергений (қ), Аслан Дарабаев (Темірлан Ерланов 88), Ян Вороговский (Рамазан Оразов 73), Эльхан Астанов (Юрий Логвиненко 83) – Абат Айымбетов (Максим Самородов 88);

Қосалқы құрам: Мұхаммеджан Сейсен (қ), Бекхан Шайзада (қ) – Фағуржан Суымбаев, Елдос Ахметов – Самат Жарынбетов, Бауыржан Байтана – Артур Шешенбаев;

Бас бапкер: Магомед Адиев.

Словакия: Марек Родак (қ) – Юрай Чватопа (Вернон де Марко 46), Мартин Вальент, Норберт Гимбер, Петер Пекарник – Матуш Боро (Ладислав Алмасы 82), Патрик Горшowski, Лукаш Гарасин (Томаш Суслос 88), Юрай Куцка (қ) – Ондрей Дуда, Альберт Руснак (Давид Стрелец 72);

Қосалқы құрам: Франтишек Плах (қ), Доминик Такач (қ) – Мартин Косельник, Любомир Шатка – Станислав Лоботка – Иван Шранц, Роберт Боженник, Мартин Регали;

Бас бапкердің міндетін атқарушы: Самуэль Словак.

ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫҢ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЮДЕ



Елімізде ұлттық спорттың өркендеуіне үлес қосып жүрген бір топ өкіл Түркияның Ыстамбұл қаласындағы Этноспорт мәдени фестиваліне аттанды.

Аталған іс-шарада аударыспақтан бірнеше дүркін Азия чемпионы Біржан Қосаилов пен Сырым Ізбасаров, теңге ілуден Азия чемпионы Ғалымжан Ізжанов пен Қазақстан чемпионатының жүлдегері Айдар Исраил қала қонақтары мен тұрғындарына қазақтың ұлттық ойындарын насихаттап, өнер көрсетіп.

Фестиваль бағдарламасына джирит, көкпар, аударыспақ, теңге ілу, шеген тәрізді ат ойындарының көрсетілімі қосылған. Сондай-ақ Қазақстан делегациясы Бүкіләлемдік этноспорт конфедерациясына мүше елдердің 7 мәжілісіне қатысады.

Жалпы елде ұлттық спорттың шаралары толастаған емес. ҚР Ұлттық спорт қауымдастығының ұйымдастыруымен Нұр-Сұлтан қаласындағы «Қазанат» ипподромында маусымның алғашқы атпасынан бастап, екі апта бойы Жамбы ату және теңге ілуден ересектер, жастар, жасөспірімдер арасында Қазақстан чемпионаты өту.

Теңге ілу және жамбы ату ұлттық спорт түрлерінен ересектер арасындағы Ел чемпионаты мәресіне жетті.

Теңге ілуден ҚР чемпионаты:

I орын: Сабыров Бәйдібек (Түркістан облысы)

II орын: Ізжанов Ғалымжан (Түркістан облысы)

III орын: Төлтай Бақыт (Шымкент қаласы)

III орын: Исраил Айдар (Қызылорда облысы)

Жамбы атудан ҚР чемпионаты:

I орын: Тулыбеков Азат (Жамбыл облысы)

II орын: Жусубалин Нұрсұлтан (Ақмола облысы)

III орын: Сарыбай Айтбек (Түркістан облысы)

III орын: Әміртау Ғалымжан (Қызылорда облысы)

Алға жасөспірімдер чемпионаты 15-18 маусымда өтеді.

Естеріңізге сала кетейік, биыл күзде Түркияның Бурса қаласында IV Дүниежүзілік Көшпенділер ойындары өтеді. Бұрсадағы байрақты Бөксекке еліміздің ұлттық спорт құрамасы қазірден дайындықты бастап кетті.



Hobbit есімі алыс жақын елдерге мәлім. Компьютерлік CS:GO ойынының еліміздегі су жаңа жеңімпазы. Hobbit-тың ел чемпионатынан бөлек түрлі жетістіктері жетерлік. Атап айтсақ, PGL Krakow Major 2017 әлем чемпионы, IEM Katowice 2021 әлем кубогының жеңімпазы және Gambit Esports киберспорт ұйымының құрамындағы Dream Hack сериясының бірнеше дүркін жеңімпазы.

ойнауға ертіп барды. Сонда бәрі қызық болды. Алғашқы ойыным – Counter-Strike. Қатты ұнап, жарысқа дейін жалғасын тапты, – деп еске алды Абай.

Біздің қоғамда егде жастағы адамдар балалардың компьютерлік ойындарды ойнауға деген құштарлығын сирек қолдайды. Көбінесе мұндай хоббиге қарсы болады. Алайда Хасеновтар отбасында ұлының осы бағытта дамуға деген ұмтылысына

Абайдың қазіргі арманы киберспорт аренасында Қазақстанды лайықты түрде көрсету.

– Қазақстанның халықаралық деңгейдегі өкілдері көп емес. Саусақпен санарлық. Сондықтан елімізде киберспортты барынша жақсы жағынан көрсету маңызды, сонда барлығы бізде қандай таланттарымыз бар екенін түсінеді, – деп атап өтті кейіпкеріміз.

Әу баста Абайға лақап есім табу қиынға соғылты. Лақап есіммен ойнау киберспорттың негізгі ережесі. Сол себепті Абайға жарысқа шығу үшін

КИБЕРЧЕМПИОН

қаржылық жағынан да толық қолдау болды.

– Шыңдығында балалардың 24/7 режиміндегі ойыны деген құмарлығын қолдаймын. Замандастарымның жан-жақты дамуына және ең жақсы орындайтын бағытты таңдауын қолдаймын. Мысалы, есім де спортпен шұғылданауға тырыстым. Футболды жақсы көретінім, тоғызқұмалақ ойнадым. Тіпті бірінші категориям бар. Бірақ компьютерлік ойында көбірек жетістікке жететінімді түсіндім. Бойымдағы талантты сезімді, қалада да, елде де үздіктер қатарында болдым, сондықтан өлі де осы жолдымын, – дейді киберспортшы.

2016 жылы Абай «Гамбит» командасына ауысты. Бұл ауысым ТМД елдеріне үлкен жаңалық болды. Өйткені Абайдың ауысым экспорт тарихындағы ең қымбат трансфер болды.

– «Тенгри» ұлттық ұйымында жүрген шағымда керемет ұсыныс түсті. Ұсынысқа сай нәтижеміз жоғары болатын. «Гамбит» командасы нәтижеге көңіл бөліп, (айтпақшы, екі қазақ бар еді) мені қатарларына шақырды. Ол кезде олар әлемдік аренада жай ғана салмақты ойыншылар емес, аты аңызға айналған команда еді. Сондықтан бас тарту қиын болды, – деді Абай.

Мұндай мүмкіндіктің сирек кездесетінін түсінген кейіпкеріміз командаға ауысқанына өкінбейді. Өйткені киберспортта белгілі бір табысқа жету қиын шаруа. Ең алдымен бұл спортта талант, табандылық және керемет мотивация маңызды.

лезде шешім қабылдау керек болған.

– Басталыпқа нақты лақап атты болған жоқ. Екібастұздағы жергілікті әуесқойлар турниріне барғанымда «хоббит» болдым, сонда мен ең кішкентай қатысушы саналдым. «Сақиналардың әміршісі» фильмі көрермендерге жол тартқан кезі. Азамат ағам фильмен лақап есім қоюға кеңес берді. Осылайша ел арасында «хоббит» деп таныла бастадым, – дейді Абай.

Киберспорттың үлкен спорттан айырмашылығы некен саяқ. Мұндада көзсіз спортшы секілді күнделікті жаттығу үзілмейді.

– Өрине, бірінші кезекте елдің абыройы үшін ойнаймын. Сондықтан жаттығуларды қалт жібермеймін. Жарыстар болмаса, былайынша ішінара ойындар қызықты бола бермейді. Бір маусым 4-5 айға созылады. Маңызды турнирлерді үдіксіз ойнаған соң физикалық және психикалық тұрғыдан қатты шаршауысыз, – деп спорттың қиындығына тоқталды Абай Хасенов.

«ҚАЙСАР» ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ДЕРБИДЕ БАСЫМ БОЛДЫ



Ел біріншілігінің 11 туры қызылордалық командалар үшін мерзімінен бұрын басталды. Себебі – «Қайсардың» Olimpbet Қазақстан кубогының топтық кезеңінде өнер көрсетуі.

Бас төреші Еркен Жантұғановтың нұсқауынан кейін Әбілдаев шәкірттері ойында фаворит екенін байқайты. Кездесудің 4 минутында ақ Елжас Алтынбеков гол соғып, «Қайсарды» алға шығарды. Артында шабуылшы Кирилл Сидоренко таблодағы есепті ұлттайтып, матчтың алғашқы жартысын қорытындылады.

Ойынның екінші бөлігінде «қасқырлар» шабуылынан одан әрі үдетіп, алаң иелеріне тағы үш гол соқты. Алаңға тыннан қосылған Дидар Жалмұқан көзге түссе, сұрмерген Мамаду Диалло дубль авторы атанды. Қорытынды есеп 5:0!

Енді дәлел қасқырлары 19 маусымда «Тараз Қара-тауды» өз алаңында қабылдайды.

КӨП КÜТТІРГЕН ЖҮЛДЕ



Сеулде сәмсерлесу мен қылыштасудан Азия чемпионаты өтіп жатыр. Сары құрлық бөкесінде 20 елдің спортшылары өнер көрсетуде.

Спортты даму дирекциясының баспасөз қызметі тартқан апарат бойынша чемпионаттың алғашқы күні қылыштасу бөкесінде отандасымыз Артем Саркисян араға 17 жыл салып қола медаль жеңіп алды. Бұл сында Қазақстан құрамасының спортшылары ең соңғы рет 2005 жылы Малайзияда өткен Азия чемпионатында үздік үштіктің қатарынан көрінген еді. Яғни сол жылы Игорь Целё де қола медаль иеленген болатын.

Жалпы Сеулде ерлер арасында барлығы 62 спортшы қылыштасу. Артем іріктеуде 3 жеке-жеке жеңіске жетіп, 164-ке жолдама алды. Сосын 1/32 айналымда ирандық Али Пакдмаанды 15-9 есебімен ұтса, көпін қытайлық Сю Линнен басым түсті – 15-14, 1/8 финалда отандасымыз қарсыласын дәл сондай есеппен жеңіп (15-14), үздіктер қатарына қосылды. Жартылай финалда алаң иесі Ку Бон Гильге 10-15 есебімен есе жіберіп, қола жүлдені қанағат тұтты.

Бетті дайындаған: ЕШӨРІБЕК

Болмысымен әйелдің нәзіктігін, түсімен мерекенің мәнін, иісімен махаббаты, тарихи мен аңыз-әңгімелер арқылы қай гүлді кімге, қашан сыйлау керектігін ұғынамыз. Гүл сыйлауды да, алуды да сүйетіндер үшін пион ерекше сұранысқа ие. Бұл гүлдің танымал болуының құпиясы неде? Шығу тарихы қандай? Пион туралы басқа да маңызды ақпараттармен бірге танысамыз.

ПИОН ҚАЙДАН ШЫҚҚАН?

Пион – Раёлопа тұрғындасына жататын гүлді өсімдік. Пиондардың алғаш пайда болған жері Азия, Еуропа және Солтүстік Америка. Бүгінде бұл гүлдің 4500 сұрып белгілі. 1957 жылы Индиана штатында пионның атағы жер жара бастаған. Тарихи деректер бойынша дәл сол жылы бүкіл штаттың символы болған деседі. Ол сәуір мен маусым айы аралығында гүлдейді. Сәлдегүл көбінесе қызғылт, алқызыл түсте кездеседі. Алайда оның ақ, қызыл, маржан түстес, сары, қызғылт сары түсті түрлері де бар.

Біздің заманымыздың V ғасырында Қытайда империя бақшаларын сәндеу мақсатында өсірілген гүлдердің тарихы ежелден басталады. Ең қызығы сол кезеңдерде аталған гүлді қарапайым халыққа өсіруге рұқсат етілмеген. Мұның себебі неде? Ең алдымен пион қаптануы жұқартатындай қымбат болса, екіншіден, ол ресми түрде патша гүлі деп аталған. Тіпті,



Дала жасыл желекке бөленіп, көңіл де көкпен бірге жайнай бастайтын көктем мен жаз мезгілі – гүлдердің маусымы. Сан түрлі түсі мен сипатына, тұтынушының талғамына қарамастан кез келген гүл қыз баласының аксессуары секілді.

СӘЛДЕГҮЛДІҢ

күні бүгінге дейін байлық пен танымалдылықтың символы болып саналады-мыс.

Ежелгі римдіктер пионды дерлік гүл және жанды тыныштандыратын зат деп таныған. Гүлдің тамырларынан жасалған түрлі тұнбалар адам жанын тыныштандыратын қасиетке ие болған. Ол уайым-қайғыдан арылтып, ұйқының бұзылуын, тиісінше адамның режимін реттейді. Көршілес Ресейге пиондар I Петр патша дәуірінен келген. Оның қарапайым түрін дерлік мақсатта қолданған болса, түпкі түрін монарх мен корольдік бақшаларды сәндеу мақсатында қолданған. «Пион» атауының өзі «раіолон» сөзінен шыққан, грекше «дәрілік, емдік» деген мағынаны білдіреді. Алайда көбіне дерлік мақсатта қолданылады деген түсінік қате. Грек мифологиясымен байланыстымағыз. Бір нұсқа бойынша сол кезеңде ем құдайы – Асклепийның шәкірті Пеон есімді талантты дәрігер өмір сүрген. Аңызға сүйенсек, дәрігер жерасты патшасы Аиданы Гераклдың шайқасынан кейін емдеп жазған. Асклепий шәкіртінің дарынына қызығып әрі қызғанып оны ұландырмашы болады. Пеон жоспарланған жайтты біліп қояды да, көмек сұрап құдайға дұға етеді. Сонда грек құдайы алғыс ретінде Пеонды ерекше гүлге айналдырады. Осылай танымал дәрігер өлімнен аман қалады да, «құтқарушы» деген атауға ие болады. Гректерден осындай аңыз қалған.

ҚАҒАЗ ГҮЛДЕРДІҢ ҒҰМЫРЫ, ТІПТІ, ҰЗАҚТАУ ЕКЕН ШЫН ГҮЛДЕН...

Қытайда пионды «хиырма күндіз гүл» деп те атайды. Шынында да, күлтелері үш аптадан артық өмір сүрмейді. Иә, гүл алуды ұнататындар оның күтімі мен өмірін ұзартаудан хабардар болуға тиіс. Бүгінгі тақырыбымызға

арқау болған пиондардың құмыра әлемгі әйгілі раушанның жүздеген түріне қарағанда ұзақ өккен. Егер пион гүлшоғын құмыраға салып, су құйып қойса, онда ол 6-10 күнге дейін солмайды. Бағбандардың айтуынша, пионның өмірін ұзартатын, қолданысқа ие бір тәсіл бар. Ұзақ сақталуы үшін пионды әр түн сайын тоңазытқышқа немесе салқын жерге қою қажет. Аталған тәсіл пион бүршігінің ашылуын баулатады.

Сыйға алған кезде гүл неғұрлым ашық болса, соғұрлым тез солып қалатыны белгілі. Сонымен бірге гүл күтімін жасамақ бұрын құмыра мен

„АЛТЫН САҚА“ ОБАЫСТЫҚ ЕРТЕГІ БАЙҚАУЫ

Облыстық «Ақмешіт жастары» газеті «Балалар жылына» орай 12-17 жас аралығындағы білім алушылар арасында ертегілер байқауын жариялайды. Бүгінде өтінім салының артуына байланысты байқау қорытындысын жариялау 1 айға шегерілді.

Байқаудың мақсаты: «Балалар жылы» аясында мектеп оқушылары мен жасөспірімдер шығармашылығын қолдау, аймақтағы балалар әдебиетін дамыту.

1. БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ

1.1. Байқауды «Ақмешіт жастары» газеті және облыстық білім басқармасы бірлесіп ұйымдастырады.

1.2. Байқау шығармалары газетке және әлеуметтік желіге тұрақты түрде жарияланады.

2. Байқау шарттары мен тәртібі

2.1. Байқауға 12-17 жас аралығындағы облыстағы білім алушылар қатыса алады.

2.2. Қатысушылардың материалдарын жариялау 2022 жылдың 30 наурызынан бастап, 20 мамырға дейін қабылданады.

2.3. Материалдар басылымның aqmeshit_zhastary.kz @mail.ru электрондық поштасына қабылданады. Тел: 40-11-10; +77784020511

3. Байқау материалдарына қойылатын талаптар:

3.1. Байқауға газет-журналға, сайттарға бұрын жарияланбаған жұмыстар қабылданады. Интернеттен, кітаптан және бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндерін пайдалануға, плагиатқа жол берілмейді. Бірлескен авторлыққа жол берілмейді (ертегіні бір оқушы жазуы тиіс).

3.2. Жұмыс мәтіндік редактордың Word түрінде жазылуы керек. Қарп – Times New Roman, өлшемі 14, жол аралығы – 1, парақ енімен теңестіру. Жұмыстың көлемі А-4 форматының 2 бетінен аспауы керек (титүлді бетті қоспағанда). Жұмыстың титулдық бетінде автордың аты-жөні, білім беру ұйымының толық атауы, конкурстық жұмыс атауы көрсетілуі қажет.

4. Қорытынды

4.1. Ертегі байқауының жеңімпаздары шілде айында анықталып, газет бетіне жарияланады.

4.2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар мен бағалы сыйлықтар беріледі.

Дина БӨКЕБАЙ



JULDYZ - JORAMAL

(16 – 23 маусым)



Тоқты

Беленді болыңыз. Бұл аптада алға қойған мақсатқа жетуге жұлдыздар септеседі. Бойыңызда тың күш пайда болады. Ал егер жазғы демалысты тиімді пайдаланғыңыз келсе, аздап босаңсып, еркінсуге рұқсат. Мұндай жағдайда бар уақытыңызды жеке өмірге, отбасына арнаңыз.



Торпақ

Сіз үшін ең жайлы апта болғалы тұр. Түйсігіңізді көбірек тыңдаңыз. Ол сізге кімнің дос, кімнің дұшпан екенін айқындап береді. Қосымша табыс табу үшін барыңызды салыңыз. Кәсіби біліктілігіңізді арттыру жолында еңбектеніңіз. Алыс жерден қуанышты хабар жетуі мүмкін.



Егіздер

Жанын салып, асқан қызығушылықпен жұмыс істеуге әдеттенгендер үшін сәтті апта. Жетістік пен мол табысқа кенелуі мүмкіндігі жоғары. Басталған істі соңына жеткізуге және ұзақ мерзімді жоспар құруға қолайлы күндер. Көптеген жағымды таныстықтар мен қызықты шаралар күтіп тұр.



Шаян

Сәтсіздіктер кезеңі артта қалды. Қай істі қолға алсаңыз да, сәттілікпен қуантады. Бойыңызды шығармашылық энергиясы кереметі. Дәл осы сәтті тиімді пайдаланып, шығармашылықпен айналысыңыз. Жаңа нәрсені үйреніп, таным көкжиегіңізді кеңейтіп не жаңа қырлыны ашуға талпыныңыз. Сүйіктіңізді ерекше ықыласы мен қамқорлығына бөленесіз.



Арыстан

Айналыңызда тыныштық орнатыңыз. Себебі бұл аптада сізге жұмсалған қуаттың орнын толтыру қажет. Мүмкін болса, мойныызға көп міндет алмаңыз. Біреумен ренжисеңіз, татуласуға алғашқы қадамды өзіңіз жасаңыз.



Бикеш

Ойға алған шаруалар мен мақсаттарды жүзеге асыруға батыл кірісіңіз. Бұл жолда әріптестерден көмек сұрап, қол ұшын созғандарды кері итермеңіз. Әкесіңіз мен бермеңіз, ол сізге жеткенге дейін мың құбылған болуы әбден мүмкін. Сапаларыңан қате қадам жасасаңыз, зардабы өзіңізге тиеді.



Таразы

Бірнеше істі мойныға қатар іліп алмаңыз. Өзіңіз үшін ең маңызды сын анықтал, сонымен қана жұмыс істесіңіз. Қызметтегі белсенділік — бұл мақтауға тұрарлық, әрине. Өйткенмен, денсаулық маңыздырақ. Сондықтан, шаруаларды аздап кідіріп, денсаулығыңызға мән беріңіз. Жаңа жоспарлар құрамын деп, бұрынғы ақсұз қалғандарды тын шығармаңыз.



Сарышаян

Бұл аптада табиғат аясында сейіл құрып, сапарға шықсаңыз, сәттілікке кезігесіз. Шығында да аз болады. Қосымша табыс түсінеді тұр. Қолыңызға тиіс, өзіңіз бен жақындарыңызды қуантуға жұмсаңыз. Бұл сізге позитив пен жағымды энергия береді, адамдармен қарым-қатынасыңыздың жақсаруына септігін тигізеді.



Мерген

Бұрыннан келе жатқан шиеленіскен мәселенің бір ұшы қолыңызға ілігеді. Сәтін жіберіп алмаңыз. Содан «тартып» қалсаңыз, көптеген түйінді тарихтаңыз. Аптада кез келген жағдайда барынша сабырлық сақтауға тырысыңыз. Сізді арандатышы келген, сол арандатышыға қарсы келтіруді қалайтындырдың құрығына ілінбеңіз.



Тауешкі

Парасаттылық күнделікті турмыста көп көмектеседі. Сіз адамдармен жылдам тіп табысасыз. Мәңгі-ді шешім қабылдауда жүректің емес, ақылдың көмегіне жүгінетінізді содан. Отбасылық өмірде аздаған қиындықтар туындайды.



Суқұйыш

Пайдасы тиетін ықпалды таныстармен қарым-қатынасыңызды жақсартыңыз. Сонда мансап баспадағымен көтерілуі мүмкіндігі туады. Әріптестер арасындағы абыройыңызға да жақын өсерін тигізеді. Өзіңізге сенімді болсаңыз, осы аптада біршама биікті бағындырасыз.



Балықтар

Дәл қазір сізге ең керекті — бойыңызды босаңсытып, тынығу. Жеке өмірде орын алатын кез келген тосынсызға іштей дайын болыңыз. Ойыңызға көптеген жақсы идеялар туындайды. Жалпаулықтан арылып, идеяларыңызды жүзеге асыруға талпынаңыз, табыс пен нәтижеге жетесіз.

Көзеші редактор: М. КЕНЖЕГҮЛОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001:2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8 7742/ 40-06-08. Газеттің таралымы бойынша 8 1724/2 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8059
Тансырыс: 980

